

## ДИНТАНУ

FTAMP 21.41.63

<https://doi.org/10.47526/3007-8598.6445>НАҒИМА БАЙТЕНОВА 

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия ғылымдарының докторы,  
профессор (Алматы, Қазақстан), e-mail: [Nagima.Baitenova@kaznu.kz](mailto:Nagima.Baitenova@kaznu.kz)*

**ТҮРКІ СОПЫЛЫҚ ДӘСТҮРІНДЕГІ ЯСАУИЛІК: ТАРИХИ ДАМУ ЖӘНЕ  
ИДЕЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ**

**Аңдатпа.** Қожа Ахмет Ясауи – түркі сопылық ілімінің негізін қалаған көрнекті ойшыл, ақын және рухани ұстаз. Оның өміріне қатысты нақты деректердің бірі – 1166 жылы қайтыс болғаны. Бізге жеткен ең маңызды мұрасы – «Диуани хикмет» («Даналық кітабы»), онда сопылық дүниетаным мен адамгершілік құндылықтары кеңінен көрініс тапқан. Қожа Ахмет Ясауидің әкесі шейх Ибраһим Сайрам қаласындағы белгілі шейх болған. Оның рухани қалыптасуы Ясы қаласында (қазіргі Түркістан) өтті. Кейін Бұхараға барып, әйгілі сопы Юсуф Хамаданиден тәлім алды. Сопылық ілімді терең меңгергеннен кейін Ясыға оралып, Арыстанбаб қалыптастырған рухани дәстүрді одан әрі жалғастырды. Өмірінің соңғы кезеңін жер астындағы қылуette өткізген. Өмір Темірдің бұйрығымен тұрғызылған «Хазірет Сұлтан» кесенесі бүгінде Қазақстандағы ортағасырлық сәулет өнерінің ең көрнекті ескерткіштерінің бірі болып саналады. Қожа Ахмет Ясауи сопылық философияның дамуына зор үлес қосты. Оның ілімі бойынша, Құдай бүкіл болмыста мәңгілік өмір сүреді. Сонымен қатар, әрбір адамның бойында рухани кемелденуге мүмкіндік беретін қасиеттер бар. Ясауи адамның өмірлік мақсатына жетуі үшін Құдай оған таңдау еркіндігін берген деп түсіндіреді.

**Кілт сөздер:** Ахмет Ясауи, сопылық идея, сопылық әдебиет, тариқат, шариғат.

**Nagima Baitenova**

*Al-Farabi Kazakh National University, Doctor of Philosophy, Professor (Almaty, Kazakhstan),  
e-mail: [Nagima.Baitenova@kaznu.kz](mailto:Nagima.Baitenova@kaznu.kz)*

**Yasawiyya in the Turkic Sufi Tradition: Historical Development and Intellectual  
Structure**

**Abstract.** Khoja Ahmad Yasawi was the founder of the Turkic Sufi tradition, a thinker and poet. The only confirmed date of his life is his death in 1166. His work *Diwani Hikmet* (“Book of Wisdom”, also known as “Hikmets”) has survived to the present day. His father, Ibrahim, was a well-known sheikh in Sayram. Yasawi’s personal formation is closely connected with the city of Yasi (the former name of present-day Turkestan, 6th–15th centuries). He later traveled to Bukhara, where he studied under Hamadani. After attaining mastery in Sufism, Yasawi returned to Yasi and continued the spiritual path founded by Arystan Bab. He spent the last years of his life in an underground cell (khalwa), which has now been identified and restored. The mausoleum of

**\*Cite us correctly:**

Байтенова, Н. (2026). Түркі сопылық дәстүріндегі Ясауилік: тарихи даму және идеялық құрылым. *НИКМЕТ*, 2(8), 19–34. <https://doi.org/10.47526/3007-8598.6445>

Мақаланың редакцияға түскен күні 25.05.2026 / қабылданған күні 05.06.2026.

“Hazrat Sultan”, built by direct order and design of Timur, is considered a masterpiece of medieval architecture in Kazakhstan. Yasawi made a significant contribution to the development of Sufi ideas about the meaning of life. According to him, God exists everywhere, in everything, and is eternal. Yasawi believed that every human being possesses qualities enabling spiritual perfection. God grants humans free will so they may realize their true purpose and meaning.

**Keywords:** Ahmad Yasawi, Sufi thought, Sufi literature, tariqa, sharia.

### Нагима Байтенова

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, доктор философских наук, профессор  
(Алматы, Казахстан), e-mail: [Nagima.Baitenova@kaznu.kz](mailto:Nagima.Baitenova@kaznu.kz)*

### Ясавия в тюркской суфийской традиции: историческое развитие и идейная структура

**Аннотация.** Ходжа Ахмед Ясауи — выдающийся мыслитель, поэт и духовный наставник, который считается основателем тюркской суфийской традиции. Одним из немногих достоверных фактов его биографии является то, что он умер в 1166 году. Самым известным произведением Ясауи является книга «Диван-и Хикмет» («Книга мудрости»). В ней простым и понятным языком изложены идеи суфизма, духовного совершенствования, нравственности, добра и любви к Богу. Отец Ясауи, шейх Ибрахим, был известным религиозным деятелем города Сайрам. Духовное становление Ахмеда Ясауи прошло в городе Ясы (ныне Туркестан). Позже он отправился в Бухару, где обучался у знаменитого суфийского учителя Юсуфа Хамадани. Получив глубокие знания, он вернулся в Ясы и продолжил духовные традиции своего наставника Арыстанбаба. Последние годы жизни Ясауи провёл в подземной келье, посвящая себя молитве и размышлениям. По приказу эмира Тимура был построен мавзолей «Хазрет Султан», который сегодня считается одним из самых известных памятников средневековой архитектуры Казахстана. Учение Ходжи Ахмеда Ясауи оказало большое влияние на развитие суфийской философии. Он считал, что Бог присутствует во всём мире, а каждый человек способен достичь духовного совершенства. По его мнению, Бог дал человеку свободу выбора, чтобы он сам мог определить свой жизненный путь и стремиться к добру.

**Ключевые слова:** Ахмет Ясауи, суфийская мысль, суфийская литература, тарикат, шариат.

### Nagima BAİTENOVA

*Al-Farabi Kazak Ulusal Üniversitesi, Felsefe Bilimleri Doktoru, Profesör (Almatı, Kazakistan),  
e-posta: [Nagima.Baitenova@kaznu.kz](mailto:Nagima.Baitenova@kaznu.kz)*

### Türk Tasavvuf Geleneğinde Yesevîlik: Tarihsel Gelişim ve Düşünsel Yapı

**Özet.** Hoca Ahmet Yesevi, Türk tasavvuf düşüncesinin kurucusu olarak kabul edilen önemli bir düşünür, şair ve manevi önderdir. Hayatıyla ilgili kesin olarak bilinen bilgilerden biri, 1166 yılında vefat etmiş olmasıdır. Günümüze ulaşan en önemli eseri "Divan-ı Hikmet" (Bilgelik Kitabı) adlı eseridir. Bu kitapta tasavvuf anlayışı, ahlaki değerler, Allah sevgisi ve insanın manevi gelişimi sade bir dille anlatılmıştır. Hoca Ahmet Yesevi'nin babası Şeyh İbrahim, Sayram şehrinin tanınmış din âlimlerinden biriydi. Ahmet Yesevi'nin manevi eğitimi Yesi (bugünkü Türkistan) şehrinde başladı. Daha sonra ilmini geliştirmek için Buhara'ya gitti ve ünlü mutasavvıf Yusuf Hemedani'den ders aldı. Tasavvuf eğitimini tamamladıktan sonra Yesi'ye döndü ve Arslan Baba'nın başlattığı manevi geleneği devam ettirdi. Hayatının son yıllarını yer altındaki çilehanede ibadet ve tefekkürle geçirdi. Emir Timur'un emriyle yaptırılan Hazret Sultan Türbesi, bugün Kazakistan'ın en önemli orta çağ mimari eserlerinden biri olarak kabul edilmektedir. Hoca Ahmet

Yesevi, tasavvuf felsefesinin gelişmesine büyük katkı sağlamıştır. Onun öğretilerine göre Allah bütün varlıkta her zaman vardır. Ayrıca her insanın içinde manevi olgunluğa ulaşmasını sağlayacak özellikler bulunmaktadır. Yesevi, Allah'ın insana doğru yolu seçebilmesi ve hayatının amacına ulaşabilmesi için özgür irade verdiğini savunmuştur.

**Anahtar kelimeler:** Hoca Ahmed Yesevî, tasavvuf düşüncesi, tasavvuf edebiyatı, tarikat, şeriat.

### Кіріспе

Қожа Ахмет Ясауи түркі-мұсылман дүниесінің рухани тарихында айрықша орын алатын ұлы ойшыл, сопы ақын әрі діни-ағартушы тұлға болып саналады. Оның есімі түркі халықтарының ислам өркениетімен сабақтасып, жаңа рухани-мәдени кеңістік қалыптастырған кезеңімен тікелей байланысты. XI–XII ғасырларда Орталық Азия аумағында ислам діні терең тамыр жайып, мұсылмандық дүниетаным кең тарала бастаған тұста сопылық ілім де ерекше ықпалға ие болды. Осы тарихи жағдайда Қожа Ахмет Ясауи исламның рухани құндылықтарын түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымымен ұштастыра отырып, түркі сопылық мектебінің негізін қалады. Оның ілімі тек діни-мистикалық жүйе ғана емес, сонымен бірге түркі халықтарының рухани мәдениеті мен әдебиетінің қалыптасуына ықпал еткен маңызды өркениеттік құбылыс ретінде бағаланады. Ясауи ілімінің тарихи маңызы оның ислам дінін түркі қоғамының рухани болмысына жақын әрі түсінікті түрде жеткізе білуімен ерекшеленеді. Бұған дейін исламдық әдебиеттер мен діни трактаттардың басым бөлігі араб немесе парсы тілдерінде жазылып келген болса, Қожа Ахмет Ясауи өз хикметтерін көне түркі тілінде жазу арқылы исламдық руханиятты қарапайым халыққа жақындатты. Оның «Диуани хикмет» еңбегі түркі халықтарының арасында кең таралып, исламдық дүниетанымның орнығуына ерекше ықпал етті. Бұл шығарма сопылық әдебиеттің көрнекті үлгісі ғана емес, сонымен қатар түркі жазба әдебиетінің ежелгі ескерткіштерінің бірі ретінде де жоғары бағаланады. Ясауи хикметтері арқылы адамгершілік, әділдік, сабыр, мейірімділік, рухани тазалық және Аллаға деген сүйіспеншілік идеялары кең насихатталды.

Түркі сопылық дәстүріндегі Ясауилік ілімнің қалыптасуы мен дамуы Орталық Азиядағы ислам мәдениетінің тарихи эволюциясымен тығыз байланысты болды. IX–XII ғасырларда бұл аймақта сопылық ағымдар кең таралып, түрлі тариқаттар қалыптаса бастады. Солардың ішінде Ясауия тариқаты түркі халықтарының рухани дүниесіне ерекше жақын сипатымен дараланды. Қожа Ахмет Ясауи сопылықтың классикалық қағидаларын сақтай отырып, оны түркілік дүниетаныммен үйлестіре білді. Нәтижесінде исламның моральдық-этикалық құндылықтары көшпелі және жартылай көшпелі түркі қоғамының әлеуметтік өмірімен табиғи үндестік тапты. Бұл үдеріс ислам дінінің түркі халықтары арасында кеңінен таралуына және олардың рухани тұтастығының нығаюына ықпал етті (Әбдірәсілқызы, 2017: 64).

Ясауия тариқатының ерекшелігі оның практикалық әрі халықтық сипатында болды. Ясауи ілімінде шарифат, тариқат, мағрифат және хақиқат сатылары адамның рухани кемелдену жолының негізгі кезеңдері ретінде түсіндірілді. Сопылық жол адамды нәпсілік құмарлықтардан арылтып, рухани тазалыққа, сабыр мен қанағатқа тәрбиелеуді мақсат етті. Ясауи дүниетанымында адамның ішкі жан дүниесін жетілдіру, өзін-өзі тану және Аллаға жақындау басты рухани мұрат ретінде қарастырылды. Осы арқылы Ясауи ілімі түркі халықтарының рухани-этикалық құндылықтарының қалыптасуына терең ықпал жасады.

Қожа Ахмет Ясауи мұрасы тек діни-философиялық тұрғыдан ғана емес, тарихи, әдеби және мәдени қырларынан да аса маңызды. Оның шығармалары түркі халықтарының ортағасырлық әдеби тілінің дамуына ықпал етті. Сонымен қатар Ясауи мектебі арқылы түркі әлемінде сопылық поэзия дәстүрі қалыптасты. Кейінгі дәуірлерде Сүлеймен Бақырғани, Қажы Бекташ Уәли, Жүніс Әміре сияқты көптеген сопы ақындар мен ойшылдар Ясауи дәстүрінің ықпалында болды. Ясауилік идеялар Анадолыдан бастап Еділ бойына

дейінгі кеңістікте таралып, түркі-мұсылман халықтарының рухани мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды (Sambet, Temirkhanov, & Mutaliyev, 2026: 173).

Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы бүгінгі таңда да өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазіргі кезеңде жаһандану үдерісі мен рухани құндылықтардың өзгеруі жағдайында Ясауи іліміндегі адамгершілік, әділдік, төзімділік және рухани тазалық идеялары ерекше маңызға ие болып отыр. Оның еңбектері жастарды имандылыққа, отансүйгіштікке және рухани кемелденуге тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Сондықтан Қожа Ахмет Ясауи мұрасын тарихи-философиялық тұрғыдан зерттеу тек өткен дәуірдің рухани тәжірибесін тану ғана емес, сонымен бірге қазіргі қоғамның рухани мәселелерін түсінуге де мүмкіндік береді.

Осы мақалада түркі сопылық дәстүріндегі Ясауилік ілімнің тарихи қалыптасуы, рухани-философиялық негіздері және идеялық құрылымы жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар Қожа Ахмет Ясауидің сопылық дүниетанымы, оның түркі халықтарының рухани мәдениетіне әсері және Ясауия тариқатының тарихи маңызы ғылыми тұрғыдан талданады. Мақаланың негізгі мақсаты – Қожа Ахмет Ясауи мұрасының түркі ислам өркениетіндегі орнын анықтап, оның рухани-мәдени ықпалын көрсету болып табылады.

### **Зерттеу әдістері**

Бұл мақалада түркі сопылық дәстүріндегі Ясауия тариқатының тарихи қалыптасуы, рухани-философиялық негіздері және оның түркі-мұсылман дүниетанымына ықпалы жан-жақты қарастырылды. Зерттеу барысында Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен шығармашылығына, әсіресе оның «Диуани хикмет» еңбегіне сүйене отырып, Ясауия ілімінің тарихи дамуы мен идеялық құрылымы ғылыми тұрғыдан талданды. Осы мақсатқа жету үшін гуманитарлық ғылымдарда кеңінен қолданылатын тарихи, философиялық, мәтіндік және салыстырмалы зерттеу әдістері кешенді түрде пайдаланылды.

Ең алдымен зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін тарихи-философиялық талдау әдісі құрады. Бұл әдіс арқылы Қожа Ахмет Ясауидің дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен тарихи, діни және мәдени факторлар жүйеленді. XI–XII ғасырлардағы Орталық Азиядағы қоғамдық-саяси жағдай, ислам дінінің таралу ерекшеліктері, сопылық мектептердің қалыптасуы және түркі халықтарының рухани дүниесіндегі өзгерістер Ясауи ілімімен өзара байланыста қарастырылды. Сонымен қатар, Қожа Ахмет Ясауидің рухани қалыптасуындағы Арыстан Баб, Юсуф Хамадани, Хорасан сопылық мектебі сияқты тарихи тұлғалар мен рухани орталардың ықпалы сараланды. Тарихи-философиялық әдіс Ясауия тариқатының тек діни құбылыс емес, сонымен қатар түркі өркениетінің рухани-мәдени дамуына әсер еткен маңызды тарихи феномен екенін көрсетуге мүмкіндік берді.

Зерттеуде индуктивті және дедуктивті талдау тәсілдері де кеңінен қолданылды. Индуктивті әдіс арқылы Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінде кездесетін жекелеген сопылық ұғымдар, рухани тәжірибелер мен діни түсініктер жинақталып, олардың арасындағы ортақ заңдылықтар анықталды. Мысалы, шариғат, тариқат, мағрифат және хақиқат сатыларына қатысты жеке мәтіндік деректер талдана отырып, Ясауи іліміндегі рухани кемелдену концепциясының тұтас құрылымы айқындалды. Ал дедуктивті талдау әдісі арқылы сопылық ілімнің жалпы теориялық қағидалары негізінде Ясауия мектебінің өзіндік ерекшеліктері анықталды. Осы тәсілдің көмегімен Ясауия тариқатының түркілік дүниетаныммен сабақтастығы, оның исламдық мистицизмдегі орны және рухани тәжірибелік ерекшеліктері тұжырымдалды.

Мақалада мәтіндік және контент-талдау әдістері маңызды орын алды. Контент-талдау әдісі арқылы «Диуани хикмет», «Пақырнама», «Миратул Қулуб» сияқты еңбектердегі негізгі діни-философиялық ұғымдардың мазмұны жүйеленді. Әсіресе, «Аллаға махаббат», «зікір», «нәпсімен күрес», «кемел адам», «фәна», «сабыр», «тәубе» сияқты ұғымдардың мәтін ішіндегі қолданылу ерекшеліктері сараланып, олардың Ясауия

дүниетанымындағы орны анықталды. Сонымен қатар, хикмет мәтіндеріндегі символдық бейнелер мен сопылық терминдердің мазмұны hermeneutic (герменевтикалық) талдау тәсілі арқылы түсіндірілді. Бұл тәсіл сопылық поэзиядағы астарлы мағыналарды ашуға және Ясауидің рухани-философиялық ойларын тереңірек түсіндіруге мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдіс те қолданылды. Бұл әдіс арқылы Ясауия тариқатының басқа сопылық мектептермен, әсіресе Накшбандия және Кубравия тариқаттарымен ұқсастықтары мен айырмашылықтары салыстырылды. Сонымен қатар, жария зікір («джахрийа») мен құпия зікір («хафийа») дәстүрлерінің ерекшеліктері қарастырылып, олардың Орталық Азия сопылық мәдениетіндегі орны анықталды. Салыстырмалы талдау Ясауия тариқатының түркі халықтарының рухани болмысына жақын келетін қырларын айқындауға мүмкіндік берді. Әсіресе, түркілік дүниетаным элементтерінің исламдық сопылықпен үйлесуі, музыка мен зікір рәсімдерінің қолданылуы, сондай-ақ дәруіштік мәдениеттің қалыптасуы осы әдіс арқылы жан-жақты талданды.

Мақалада өркениеттік және мәдениеттанулық тәсілдер де пайдаланылды. Бұл тәсілдер Ясауия ілімін тек діни ағым ретінде емес, тұтас түркі-мұсылман өркениетінің рухани-мәдени құбылысы ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Қожа Ахмет Ясауидің шығармалары арқылы түркі халықтарының исламдық дүниетанымының қалыптасуы, әдеби тілдің дамуы, рухани бірліктің нығаюы және халықтық ислам мәдениетінің орнығуы мәселелері зерттелді. Сонымен қатар, Ясауи мұрасының қазіргі кезеңдегі рухани жаңғыру үдерістерімен сабақтастығы да назарға алынды.

Зерттеудің дереккөздік негізін ортағасырлық сопылық әдебиеттер, тарихи хроникалар, қолжазба мәтіндер және қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер құрады. Атап айтқанда, Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегінің әртүрлі нұсқалары, сондай-ақ Девин Де Виз, Мехмет Фуад Көпрүлү, В.В. Бартольд, А.Н. Самойлович, Ирен Меликофф және басқа да отандық әрі шетелдік зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды. Сонымен қатар, Түркістан, Ташкент, Стамбұл және Санкт-Петербург қолжазба қорларындағы материалдар жөніндегі ғылыми мәліметтерге сүйенілді. Бұл деректер Ясауия тариқатының тарихи дамуын, мәтіндік дәстүрін және рухани ықпалын ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында пәнаралық тәсіл де қолданылды. Себебі Ясауия ілімін толыққанды түсіну үшін тарих, философия, дінтану, әдебиеттану және мәдениеттану ғылымдарының тоғысында қарастыру қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты мақалада сопылық ілім тек діни құбылыс ретінде ғана емес, сонымен бірге рухани мәдениет, әдеби дәстүр және әлеуметтік институт ретінде қарастырылды. Бұл тәсіл Қожа Ахмет Ясауи мұрасының көпқырлы табиғатын ашуға және оның түркі өркениетіндегі тарихи рөлін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік берді.

Осылайша, мақалада қолданылған ғылыми әдістер кешені Қожа Ахмет Ясауи ілімінің тарихи дамуын, философиялық мазмұнын және түркі сопылық дәстүріндегі орнын жан-жақты әрі жүйелі түрде талдауға негіз болды. Зерттеу әдістерінің өзара үйлесімді қолданылуы Ясауия тариқатының рухани, тарихи және мәдени мәнін тереңірек ашуға мүмкіндік берді.

### **Нәтежиелері және талқылау**

Қожа Ахмет Хазірет Сұлтан Ясауи (1093–1166 жж.) – түркілік сопылық тармағының танылған көшбасшысы, ойшыл, сопы-ақын әрі діни уағызшы. Қожа Ахмет Ясауи Ясы қаласында (қазіргі Түркістан) дүниеге келген. Оның туған жылы жөнінде түрлі деректер кездеседі: кейбір зерттеулерде 1093 жыл деп көрсетілсе, басқа дереккөздерде 1103, 1036 немесе 1041 жылдар аталады. Ал 1166 жылы Сайрамда (Исфиджаб) қайтыс болғаны айтылады (Үілмәз, 2018: 64).

Зерттеуші Дэвин Де Виз өзінің «Түркістанның исламдануы туралы Ясауи аңызы» атты еңбегінде Қожа Ахмет Ясауидің әкесі – Исфиджаб (Сайрам) қаласының танымал шейх

Ибраһим ибн Махмуд болғанын жазады. Сонымен қатар, оның Хазірет Әлидің үшінші ұлы Мұхаммед Ханафиядан тарайтын әулетке жататыны көрсетіледі. Төртінші ұрпағы Әбу әл-Қаһхардың Әбу ар-Рахман және Әбу ар-Рахим атты екі ұлы болған. Әбу ар-Рахманның да екі ұлы дүниеге келген: Исхақ Баба – Ясауидің оныншы атасы, ал Абдужалил – Исмайыл Атаның он үшінші атасы ретінде айтылады (Tosun, & Eraslan, 2019).

Қожа Ахмет Ясауидің анасы – атақты шейх Мұсаның қызы Айша, халық арасында Қарашаш ана атымен белгілі. Шейх Мұса Исфиджаб өңірінде өзінің тақуалығы және ерекше діндарлығымен танылған тұлға болған. Қожа Ахмет Ясауи отбасындағы екінші бала еді. Оның Гауһар есімді әпкесі болған және ата-анасы қайтыс болғаннан кейін інісінің тәрбиесін өз мойнына алған.

Бізге жеткен мәліметтер бойынша, Қожа Ахмет Ясауидің Ибраһим атты ұлы болған, алайда ол жас кезінде қайтыс болған. Сонымен бірге, Гауһар Шаһназ және Гауһар Хушназ атты екі қызы болған. Кейінгі ұрпақтары осы екі қызынан тараған деп есептеледі. Кейінгі кезеңдерде Қожа Ахмет Ясауидің ұрпақтарынан көптеген танымал мұсылман қайраткерлері шыққан. Солардың қатарында өз еңбектерінде Қожа Ахмет Ясауиді өзінің тікелей бабасы ретінде атайтын белгілі шейх Закария Самарқанди де бар.

Қожа Ахмет Ясауи алғашқы білімді әкесі шейх Ибраһимнен алған. Кейін оның білімі мен тәрбиесін ханафи мәзһабының танымал ғалымы Баха ад-Дин Испиджаби жалғастырған. Бұдан соң ол Отырарға барып, сол кезеңдегі әйгілі Арыстан Бабтан тәлім алады. Қожа Ахмет Ясауи одан рухани әрі өмірлік даналықты меңгеріп, терең діни-рухани білім алған.

Ұстазы қайтыс болғаннан кейін Ахмет Ясауи мұсылман әлемінде «Исламның күмбезі» атанған Бұхара қаласына сапар шегеді. Ясауидің рухани ұстаздарының қатарында Орталық Азия сопылық тарихында ерекше орын алатын Тус қаласының тумасы Әбу әл-Фармази болған. Ол 1084 жылы қайтыс болған. Оның шәкірттері арасында 1126 жылы дүниеден өткен Ахмад әл-Газали мен 1049–1140 жылдары өмір сүрген Юсуф Хамадани бар еді. Ахмад әл-Газали – ислам философиялық мистицизмінің көрнекті өкілі, сунниттік теолог, құқықтанушы және «Дін ғылымдарын қайта жаңғырту» атты еңбектің авторы болған әйгілі Әбу Хамид әл-Газалидің інісі еді.

Бұхарада Ахмет Ясауи тағы бір ұлы ұстаз – сол дәуірдегі сопылық мектептің жетекшісі болған атақты шейх Юсуф Хамаданимен кездеседі. Бұл мектептің өкілдері өз өмірлерін Алланың рухымен рухани тұтастыққа жету жолына арнаған болатын. Мұндай рухани ізденіске сопылық шейхтар үндеген. Юсуф Хамаданидің толық аты – Әбу Якуб Юсуф әл-Хамадани әл-Бузақжирди.

Юсуф Хамаданиден кейін сопылықтың екі үлкен тармағы тарағаны айтылады: парсылық бағыт – Әбу әл-Халиқ әл-Ғиждуваниға, ал түркілік бағыт – барлық түркі сопыларының рухани бастауына айналған Қожа Ахмет Ясауиге келіп тіреледі.

Сопылық (суфизм) ислам дініндегі жаңа мистикалық-аскеттік бағыт ретінде қалыптасты. Орталық Азияда сопылық ілім IX–X ғасырларда кеңінен тарала бастады. Бұл үдеріс жеке сопылық мектептердің құрылуымен ерекшеленді. Кейіннен бұл мектептер тариқаттар мен сопылық ордендер түрінде ұйымдасты. Олардың басында рухани жетекшілер тұрды. Араб тілді елдерде мұндай жетекшілер «шейх» деп аталса, парсы тілді ортада «шейх» әрі «пір» атаулары қолданылды. Ал түркі халықтары арасында оларды «шейх», «пір», «ишан», «баба», «ата» деп атаған (Saifunov, Tolegenov, & Zhanykulov, 2025: 273-292).

Орталық Азияда кең таралған сопылық тариқаттардың қатарында Нақшбандия тариқаты, Ясауия тариқаты және Кубравия тариқаты ерекше орын алды. Сонымен қатар, бұл кезеңде мубайидтер, исмаилиттер және қараматтар сияқты діни ағымдар да өмір сүрді. Олар шафиғи және ханафи мәзһабтарының діни-құқықтық ілімдерімен қатар дамып отырған.

Терең рухани білім алып, сопылық ілімнің негіздерін жан-жақты меңгергеннен кейін Қожа Ахмет Ясауи сопылықтың көрнекті білгірі дәрежесіне жетеді. Осыдан соң ол Арыстан

Баб негізін қалаған рухани дәстүрді жалғастыру мақсатында Ясы қаласына қайта оралады. Осында ол Ясауия тариқаты атты сопылық жолдың негізін қалады. Оның алғашқы ізбасарларының бірі Арыстан Бабтың ұлы Мансұр болды.

Ясауия ілімі Иран жерінде Қажы Бекташ Уәли арқылы таралды. Сонымен қатар, Ясауидің атақты шәкірттерінің бірі – 1186 жылы Хорезмде қайтыс болған Сүлеймен Бақырғани еді (Қыдыр, & Ченари, 2018).

Қожа Ахмет Ясауи түркі халықтарының жаңа исламдық өркениетіндегі халықтық рухани бағыттың дамуына зор ықпал етті. Оған көптеген шәкірттер, сопылық жолын ұстанушылар және зиярат етушілер келіп отырған. «Баба» атанған кезбе дәруіштер мен халық уағызшылары Ясауи ілімін Түркістан аймағында, Еділ бойында, Хорасанда, Әзербайжанда және Кіші Азияда кеңінен таратты.

Қожа Ахмет Ясауи 63 жасқа толғаннан кейін өмірінің соңына дейін жер асты қылуінде өмір сүрген. Ол бұл әрекетін былай түсіндіреді: «Пайғамбар жасына, яғни алпыс үш жасқа жеттім. Маған осы да жеткілікті, пайғамбардан артық өмір сүрудің қажеті жоқ».

Аңыздарға сәйкес, Қожа Ахмет Ясауи дүниелік күйбең тіршіліктен алыстап, бар ғұмырын Аллаға құлшылық етуге арнау үшін оңашалануға мәжбүр болған. Ол Ясы қаласындағы мешіт маңындағы жер асты қылуіне қоныстанып, өмірінің соңына дейін сол жерде ғибадатпен өткізген.

1166 жылы Қожа Ахмет Ясауи дүниеден өтеді. Әулие ретінде ол Ясы қаласында арнайы тұрғызылған кесенеге жерленді. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай зиярат ететін қасиетті орнына айналды. Бүгінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі түркі-мұсылман руханиятының аса маңызды тарихи және діни ескерткіштерінің бірі болып саналады.

Қожа Ахмет Ясауидің өмір сүрген жасы туралы түрлі деректер бар. Кейбір мәліметтерде оның 63 жыл өмір сүргені айтылса, басқа деректерде 85 жасқа дейін жасағаны көрсетіледі. Түрік зерттеушісі Мехмет Фуад Көпрүлүннің болжамынша, Қожа Ахмет Ясауи 120 жыл өмір сүрген. Ал қазақ ақыны Жүсіпбек Аймауытов Ясауидің өз хикметтеріне сүйене отырып, оның 125 жыл жасағанын айтады.

Қожа Ахмет Ясауи негізін қалаған Ясауия тариқаты мен Түркістан қаласы оның зор беделінің арқасында ортағасырлық Қазақстандағы ең ірі рухани-ағартушылық орталықтардың біріне айналды. Шейх қайтыс болғаннан кейін де өзі құрған Ясауия сопылық бағыты белсенді қызметін жалғастырды. Ал оның қабірі маңында қалыптасқан мемориалдық кешен бүкіл Орталық Азия мұсылмандары үшін маңызды зиярат орындарының біріне айналды. Мұсылман Шығысында қалыптасқан дәстүр бойынша, жаппай зиярат ететін орындар уақыт өте келе сауда-саттықтың, қолөнердің және рухани өмірдің орталығына айналатын. Қожа Ахмет Ясауидің қабірінің үстіне Қарахан әулетінің бұйрығымен алғаш тұрғызылған кесене моңғол шапқыншылықтары кезінде қираған. Қожа Ахмет Ясауи қайтыс болғаннан кейін 223 жыл өткен соң, Әмір Темірдің (1336–1405) арнайы бұйрығымен оның қабірінің үстіне «Хазірет Сұлтан» мавзолейі салынды. Бұл құрылыс бір жағынан Ясауиге деген құрметтің белгісі болса, екінші жағынан Әмір Темірдің көшпелі дала тайпалары арасындағы саяси беделін нығайтуға бағытталған қадам еді. Бүгінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мемлекет қорғауындағы тарихи ескерткіштердің бірі болып табылады. 1982 жылдан бастап ескерткіш ресми түрде мемлекеттік қорғауға алынған. Бұл сәулет туындысының ұзындығы 65,5 метр, ені 45,5 метр, ал бас порталдарының биіктігі 37,5 метрді құрайды. Кесене құрамында кезінде отыздан астам бөлме болған. Олардың қатарында мешіт, кітапхана, салтанатты жиын өткізетін зал және басқа да арнайы бөлмелер орналасқан.

Қожа Ахмет Ясауи – шығармаларын оғыз-қыпшақ диалектісінде жазған алғашқы дарынды түркі ақындарының бірі. Оның ең танымал еңбектерінің қатарына Диуани хикмет («Даналық кітабы»), Миратул Қулуб («Көңілдің айнасы») және Пақырнама жатады. Мұндағы «пақыр» сөзі парсы тілінде «дәруіш», яғни дүниеден безген сопы мағынасын білдіреді. Алайда Қожа Ахмет Ясауидің бізге бірнеше нұсқада жеткен ең әйгілі шығармасы

– Диуани хикмет. Бұл еңбек қыпшақ элементтері аралас көне түркі тілінде жазылған және барлық түркі халықтарына ортақ рухани мұра болып саналады. Шығармада Ясауия тариқатының негізгі қағидалары жинақталып, жүйеленген. «Диуани хикмет» еңбегі ислам дінін насихаттап қана қоймай, халық арасында мұсылмандықтың нығаюына зор ықпал етті. Түркі халықтары бұл шығарманы ерекше құрметтеп, оны «Түркілердің Құраны» деп атаған. Себебі көптеген түркі жұрттары исламның мәні мен Құран ілімін дәл осы «Диуани хикмет» арқылы терең түсінген. Сондықтан түркі халықтары Қожа Ахмет Ясауиді «Хазірет Сұлтан» деп дәріштеген, ал Түркістан қаласын «екінші Мекке» ретінде қастерлеген. Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері ислам құндылықтарын дәріштеумен қатар, түркі халықтарын рухани бірлікке, ынтымаққа және дербестікке үндеді (Ясауи, 1998: 95).

Диуани хикмет – тек діни-сопылық әдебиеттің ескерткіші ғана емес, сонымен қатар түркі тіліндегі ең көне жазба мұралардың бірі болып табылады. Көптеген түркітанушы ғалымдардың пікірінше, бұл шығарма Қараханид дәуіріндегі әдеби дәстүрдің жалғасы әрі сол кезеңдегі түркі жазба мәдениетінің маңызды үлгісі саналады.

Тарихи деректер Диуани хикмет еңбегінің көптеген рет көшіріліп, өңделіп және толықтырылып отырғанын көрсетеді. Бұл шығарманың қолжазба нұсқалары негізінен Ташкент, Санкт-Петербург және Стамбұл кітапханаларында сақталған. Ресей Ғылым академиясының Шығыстану институтының Санкт-Петербург бөліміндегі қолжазбалар қорында XVIII–XIX ғасырларға жататын «Диуани хикметтің» 23 нұсқасы бар. Ал Ташкенттегі Өзбекстан Ғылым академиясының Шығыстану институты мен Қолжазбалар институтында бұл еңбектің 56 қолжазба көшірмесі сақталған. Олардың басым көпшілігі XIX ғасырға жатады. Қолжазба нұсқаларымен қатар, Қазан қаласында Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері араб графикасымен бірнеше рет басылып шыққан. Солардың ішіндегі ең толық басылымдарында 149 хикмет қамтылған және олар 1896 және 1905 жылдары жарық көрген. Қазіргі таңда Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері көптеген нұсқалар арқылы сақталып, ғылыми айналымға енгізілген (Ясауи, 1998: 84). Соңғы онжылдықтарда Диуани хикмет Қазақстанда да, шетелдерде де бірнеше рет қайта басылып шықты.

Түркі сопылық дәстүрін зерттеуші ғалымдардың пікірінше, Қожа Ахмет Ясауи мектебінің өзіндік ерекшеліктері болған. Ясауи сопылық мектебі адамның рухани-адамгершілік тұрғыдан кемелденуі және Алланы тануы үшін белгілі бір рухани жолдан өтуін міндетті шарт деп санаған. Бұл жолдың негізгі сатылары: шариғат, тариқат, мағрифат және хақиқат болып есептелген.

Шариғат – ислам қағидаларына сәйкес тақуалық өмір сүруді білдіреді. Тариқат – дүниелік қызықтардан бас тартуға негізделген сопылық рухани жол. Мағрифат – мистикалық таным арқылы Аллаға жақындау және рухани хәлге жету кезеңі. Хақиқат – сопының нәпсілік қалаулардан толық арылып, фәна хәлінде Алламен тұрақты рухани байланысқа жету сатысы ретінде түсіндірілген.

Диуани хикмет еңбегінде шариғат, тариқат, хақиқат және мағрифат ұғымдарын түсіндіруге ерекше мән берілген. Қожа Ахмет Ясауидің пікірінше, шариғатты, тариқатты және мағрифатты меңгермейінше хақиқатқа, яғни Аллаға жақындауға жету мүмкін емес. Ясауи ілімінде адамның рухани кемелденуі ішкі рухани күрессіз, шынайы жанкештіліксіз жүзеге аспайды. Тіпті бұл жолда адам өз өмірін құрбан етуге де дайын болуы тиіс деп түсіндірілген. Ол аскетизмге, дүниелік қызықтардан бас тартуға және сабырлыққа үндеді. Себебі мұндай рухани ұстаным адамға ақыреттегі бақытқа жетуге жол ашады деп есептелді. Сонымен қатар, Қожа Ахмет Ясауи адамдарды әділдікке, адалдыққа және мейірімділікке шақырды. Ясауидің маңызды тарихи қызметтерінің бірі – түркі тілін әдеби айналымға енгізуі болды. «Баба» аталған халық уағызшылары оның ілімін Түркістанда, Өзербайжанда, Кіші Азияда, Анадолыда, Еділ бойында, Хорасанда және басқа өңірлерде кеңінен таратты. Қожа Ахмет Ясауи түркі халықтарының жаңа исламдық өркениетіндегі халықтық рухани бағыттың дамуына айрықша ықпал етті. Ол исламдық діни дүниетанымды түркі халықтарының дәстүрлі танымымен, соның ішінде тәңіршілдік, шамандық және

